

Жалпы біз шығарманы талдамас бұрын метасюжет терминіні туралы қарастырсақ, ол (ағыл. metaplot) – бүкіл сеттингке әсер ететін, сеттингте өтіп жатқан оқиғалар немесе, басқаша айтқанда, «сюжетүсті» модулі аясында жеке тарихтар сюжетінен жоғары тұрған жаһандық сюжет [1]. Сонымен метасюжет дегеніміз – әр түрлі авторлардың шығармаларында, фольклорда, сондай-ақ бір автордың бірнеше шығармасында кездесетін сюжет. Метасюжет – құрылымдық тарих түрінде ұйымдастырылған өзіндік контекст. Оны кейіпкерлер, солардың бастарынан өткен тарих, оқиғалар бастамасымен болған іс-әрекеттер қалыптастырады. Метасюжет өзіне жаңа кейіпкерлерді, оқиғаларды, осы оқиғаларды ашатын кейіпкерлердің барлығын өзінің саласына тарта отырып жазушының жекеленген шығармаларынан «тыс» өмір сүреді.

«Метасюжет» термині, әсіресе соңғы он жылдықтарда, әдебиеттанудағы ғылыми қолданысқа кеңінен енді. Әдебиеттану, сөз өнерін иерархиялық құрылымы бар бір гипермәтін ретінде құрылған өте күрделі және өзіндік әмбебап мағыналық сызбасы бар күрделі құбылыс деп танитынын көрсетеді. Екінші жағынан жаһандық барлық мәнді құрылымдар сияқты бұл гипермәтін де тіпті кешенді болса да әдебиеттану ғылымындағы, бір ғана әдістемені қолдану арқылы сипатталмайтынын білдіреді. Әдебиетті үлкен тарихи кеңістік пен уақытта қызмет ететін гипермәтін ретінде қарау деңгейінде кешеннің жаһандық мағыналық деңгейін анықтау үшін, бұл жүйенің аумағынан шығып кету керек және оны сипаттау үшін, басқа ғылымдар мен адам іс-әрекеті саласының, оның ішінде мәдениеттану, философия, құрылымдық әлеуметтану, семиотика әдістемелерін де тарту өте маңызды екен.

Сонымен бірге қандай да бір ұғымды бер терминологиялық жүйеден екінші жүйеге ауыстырғанда біршама өзіндік терминологиялық қиындықтар пайда болады. Солардың бірі «метасюжет» термині әдебиеттанулық жұмыстардың көпшілігінде гиперсюжет, архетип, негізгі схема, инвариант, метабаяндау ретінде түсіндіріледі, басқаша айтқанда әр түрлі терминологиялық жүйеде бір мағынада немесе бір-біріне жақын мағынада қолданылмайды. Сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша, бұл терминнің пайда болу тарихы мен қызметін ақпаратты немесе қандай да бір үдерістерді ұйымдастыру әдісі, яғни тарихи оқиғаны авторлық баяндаудың бірізділігі сюжет болып табылатын әр түрлі салада қарау маңызды.

Философиялық тұрғыдан қарағанда метасюжет «үлкен әрі стратегиялық маңызы бар жоба мен бағдарламаның жұмыс операторы» ретінде анықталады [3]. Бұл парадигмада метасюжет контекстік ұйымның аймағынан шығып кететіндіктен, контексті қажет етпейтін, неғұрлым күрделі және жасанды ұйымдастырылған контекст ретінде қаралады. Метасюжет суреттеу ережелерін, логикасын қатаң көрсетеді, түсінушіге оны қабылдауды барынша

барынша шектейді, сонымен қатар контекстке коммуникацияға қатысушыларды неғұрлым көп тарту және олардың қорлық білімдерін белсендіру арқылы өзінің жаһандық мазмұнын толықтырады. Басқаша айтқанда, метасюжетті «іске қосқандар» тақырып пен оны ұйымдастыру ережелерін орнатады, ал осы қосылымға қосылғандар бұл жүйе ережесін мазмұнмен және аксиологиялық бағалаушылықпен толықтырады.

Біздің көзқарасымызша, метасюжеттің жоғарыда көрсетілген қасиеттері жазылған барлық мәтіндердің жиынтығы жалпы ақпараттық кеңістікте берілетін ал жекеленген жанрлары мен мәтіндері, оны құраушылар жеке ақпараттық тактикалар мен стратегиялар болып берілетін әдебиет саласына толықтай конгументті Философиялық тұрғыдан қарағанда әдебиеттанудағы метасюжеттің өзіндік ерекшеліктәрі кездеседі.

Әдебиеттанудағы метасюжетке жалпылама түрде «әр түрлі авторлардың шығармаларында – құрылымдалған тарих түрінде өзіндік ұйымдастырылған контекст. Оны кейіпкерлер, олардың бастарынан өткен тарих немесе солардың бастамасымен болған оқиғалар қалыптастырады осы мәселе Алтын орда дәуірі кезеңіндегі әдеби шығармаларда жиі кездеседі Мысалы «Мұхаббат-наме» — сюжеті қызықты:

О, күн сияқты әлемнің шырағы,
Жүзіңіздің сәулесі – жұмбақ бағы.

Ерніңді ашсаң, аузыңнан шекер төгілер,
Сені көріп, гүл қауызы аузын ашар.

Бойыңдай тік ағаш жоқ бақ ішінде,
Нұрыңнан келеді нұқсан ай бетіне.

Шекерден сөзі тәтті сен сұлусың,
Дариға, опасыз гүл сияқты [2].

Сонымен бірге, ақын дастанда айшықтаудың бір түрі болып табылатын шендестіру немесе антитеза әдісін де кеңінен қолданып отырады. Сол арқылы Хорезми бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды, құбылыстарды, түр түсі әр түрлі заттарды бетпе бет қою әдісімен бұлардан мүлдем басқа бір құбылыстың, ұғымның, заттың сыр-сипатын оқырман көзіне елестетеді. Мәселен, ақын бірде: «қара менің ақ жүзіңе жарасар» десе, екіншісінде – «сен сұлтансың, ал мен – бақытсыз тұтқынмын» деп антитеза жасайды.

Қазақ тіліне жолма-жол аудармасы:

Желден асар желгенде сенің атың,
Күн сияқты жаһанды тұтты атың.
Егер сені Рүстем десем, жарарсың,
Қылышыңмен жауларыңды жарарсың [2].

Хорезми түркі халықтары әдебиетінде «наме» жанрына өзінің «Мұхаббат-наме» дастаны арқылы тұңғыш рет жол ашты. «Наме» сөзінің бірнеше мән-мағынасы бар. Сондай-ақ «наме» — жанрлық форма ретінде мәлім. «Наме» сөзінің ең жиі ұшырайтын мағынасының бірі – арнау өлең түрінде жазған дастан, поэма деуге болады.

Хорезмидің «Мұхаббат-намесі» — дәл осындай арнау ретінде жазылған дастан. Мұнда екі ғашық жанның ой-сезімдері, айтар сөздері жігіттің жазған

арнау хаттары арқылы берілген. Кезінде мұндай әдіс әдебиет жанрындағы айтарлықтай жаңалық болған. Бертін келе мұндай «намелер» лиро-эпикалық поэмаларға айналып кеткені әдебиет тарихынан мәлім.

«Мұхаббат-наме» дастанында жігіттің қызға жазған әрбір хатынан кейін аралас ұйқаспен келетін екі жол өлең, кейде ғаззал түріндегі жыр жолдары беріледі. Бұл — ақынның өзіндік поэтикалық тәсілі. Сондай-ақ бұл дастан поэзияның фард деп аталатын түрлеріне де негізделіп жазылған.

Хорезми өз қаһармандараның бейнесін айқындай түсу үшін өзінен бұрынғы сөз зергерлерінің қолынан шыққан – Ләйлі мен Мәжнүн, Хұсрау мен Шырын, Жүсіп пен Зылиха сияқты ғажайып образдарды зор білгірлікпен, аса шеберлікпен, ұтымды пайдаланып отырады. Мұның өзі Хорезми кейіпкерлерінің бейнесін сан қырынан келіп көрсетуге келіп көмектеседі.

Қорыта айтқанда, Хорезми сәтсіз махаббаттың трагедиясын жырлай отырып, өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін сөз етеді.

Алтын Орда дәуірінің ең таңдаулы туындыларының бірі болып саналатын «Мұхаббат-наме» дастанының әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан маңызы зор. Хорезмидің бұл ғажайып шығармасын танып-білу арқылы біз бүгінгі қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өмірге келу жолдарын, қазіргі қазақ тілінің даму сатыларын, халқымыздың өткендегі әдет-ғұрпын, салт-санасын т.б. тереңірек ұғынатын боламыз. Аталған шығармада метасюжет өзіне жаңа кейіпкерлерді, оқиғаларды, осы оқиғаларды ашатын кейіпкерлердің барлығын өзінің саласына тарта отырып, ақынның жекеленген шығармаларынан «тыс» өмір сүреді. Бұдан басқа, метасюжет термині шығармаларындағы Хорезмидің шығармасында негізгі оқиғалар осы шығарманың сюжетін құрушы автордың суреттеуі сюжет болып табылады «метароман» терминінің баламасы ретінде. Онда шығарманың құрылымы, нақтырақ айтқанда оның метасюжеттік құрылымы қызықтырады. Хорезмидің өлеңмен жазылған шығармасы бізді қызықтыратын қысқаша аспектіні есімізге алайық. Шығарманың бас жағында ақын «менде Ұлы тәңірге табынып осы шығарманы бастап жаздым деп көрсетеді» бұл үрдіс осы алтыр орда кезеңіндегі көптеген шығармалардың бас жағында кездесетін тіркес. Одан кейін кімнің тапсыруымен жазылды шығарма, одан кейін шығарманы жаздырған адамның тарихын баяндап өтеді. Содан кейін ғана барып бірінші бөлімде жігіт пен қыздың сүйіспеншілігі жырланады. Бұнда тек ғашықтық мәселесі ғана жырланып қоймады осы тарихты жасау үдерісі де сипатталған. Оқырман алдында кейіпкерлерді ашып көрсету мәнін беретін метаромандық сюжет шығарманың басынан аяғына дейін қалпына келтіріледі. Бұл анықтамалардан метасюжеттің жеке тұлғадан жоғары тұратыны, контекстілігі (шоғырланған контексттер үшін «үлкен» контекст ретінде түсіндірілетіні) өзектіленгендігін, құрылымыдылығын, барынша кең көлемді интермәтінділігін, сондай-ақ өзін-өзі суреттей алатындығын және өзіндік шығармашылығын аңғару қиын емес. Ауыз әдебиетіндегі жырларда кездесетіндей жігіт қыздың сұлулығына теңеу таппай Айғада, Күнгеде теңеп барлық сұлулықтың көркемдік әлемін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Теория литературы: Анализ художественного произведения // <http://www.philol.msu.ru>
- 2 Сағындықұлы Б. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (ХІҮ ғ.) мәтіні. – Алматы, 2007.
- 3 Қыраубаева А. «Ежелгі дәуір әдебиеті» Астана; – 2001 ж. «Елорда»